

**Г.Е.Жунисованың 6D050800 - «Есеп және аудит» мамандығы  
бойынша ізделіп отырған (PhD) философия докторы дәрежесін қөвшілік  
алдында қорғауға ұсынылып отырған «Стратегиялық басқару есебі мен  
талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде»  
тақырыбына жазылған докторлық диссертациясына**

**ПІКІР**

Қазақстан экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көп көңіл бөлуде. Елбасы Н.А. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясының негізгі мақсатын еліміздің әлемнің отыз дамыған мемлекеттер қатарына ену деп межеледі. Бұл ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жаңа құралдарын іздестіруге негізгі себеп. Қatal бәсекелестік күрес ұйымдарға менеджмент жүйесінің тиімділігін арттыруға және бәсекелестер алдында бизнестің тұрақты артықшылығына қол жеткізуге бағытталған жалпы даму стратегиясын өзірлеуге мәжбүр етеді. Қабылданатын және іске асырылатын стратегиялық басқару шешімдерінің тиімділік деңгейі бірінші кезекте ұйым менеджменті алатын ақпараттардың сапасымен айқындалады.

Ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында ұйым менеджментін сапалы ақпаратпен қамтамасыз етуші есептік-талдамалық жүйенің қызмет етуі шарт. Бүгінгі күні стратегиялық басқару есебінің тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша пікірталас сипатын және зерттеулердің аз деңгейін ескере отырып, стратегиялық басқару есебі мен талдаудың мәселелерін анықтауға байланысты қажеттілік бары анық. Стратегиялық басқару есебі мен талдау мәселелері бойынша жұмыстар тапшы.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы Г.Е.Жунисованың отандық ұйымдарда стратегиялық басқару есебінің сапалы жүйесін қалыптастырудың ғылыми және тәжірибелік мәселелерін зерттеуге, стратегиялық басқару есебін ұйымдастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды беруге бағытталған зерттеу тақырыбының өзектілігін раставиды.

Диссертацияның атауы оның мазмұнына толық сәйкес келетінін атап өткен жөн.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, өзара байланысты және логикалық тұрғыдан бірін бірі толықтыратын үш бөлімнен және қорытындыдан құралған.

Кіріспеде зерттеу жұмысының тақырыбының қазіргі таңдағы өзектілігі, зерттелу дәрежесі сипатталған, мақсаты мен міндеттері, пәні мен обьектісі айқындалған. Соған қоса, зерттеудің ғылыми жаңалықтары мен негізгі тұжырымдары жасалған.

Жұмыстың бірінші бөлімінде ұйымның бәсекеге қабілеттілігі түсінігіне отандық және шетелдік авторлардың анықтамалары келтіріліп, әсер ететін негізгі факторлар мен бағалауға қатысты сұрақтар қарастырылған. Сонымен қатар, стратегиялық басқару есебінің ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі мен оның эволюциясы қарастырылып, авторлық анықтама

берілген. Стратегиялық басқару есебі мен талдауының концептуалдық негізі жасалған.

Екінші бөлімде кондитерлік салада қызмет ететін Қазақстандық және Ресейлік ұйымдардың негізінде стратегиялық басқару есебінің құралдарын қолдану қарқындылығының ұйымның бәсекеге қабілеттілік деңгейіне әсері анықталған. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігіне негізгі әсер етуші факторы ретінде, стратегиялық шығындардың жіктелімі ұсынылып, бухгалтерлік есеп шоттарында көрініс табуы көрсетілген.

Үшінші бөлімде стратегиялық талдаудың көрсеткіштері негізінде ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың математикалық моделі құрастырылып ұсынылған. Сонымен қатар, автор ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және арттыру мақсатындағы жұмыста қолдануға ұсынылған стратегиялық басқару есебі жүйесінің негізгі құралдарының өзара байланысы мен тәуелділігін сипаттайтын логикалық-құрылымдық модельді келтірген.

Қорытындыда зерттеудің нәтижесінде туындаған негізгі қорытындылар мен ұсыныстар, оларды тәжірибелік қолдану жөніндегі тұжырымдар жинақталған.

Жұмыс зерттеу тәсілінің кешенділігі мен жүйелілігімен, әр тараудың логикалық өзара байланысымен сипатталады. Автордың тақырып бойынша бар зерттеулердің, ғылыми дереккөздердің және мерзімді баспасөз материалдарының терең және сапалы пысықтап, тақырыпты ашу барысында оларды пайдалана білгенін атап өткен жөн.

Алынған зерттеу нәтижелері және диссертациялық жұмыста жасалған ұсыныстар теориялық және тәжірибелік мәнге ие. Диссертацияның теориялық құндылығы ізденушінің жеткілікті теориялық деңгейде және тұжырымдамалық негізде ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында стратегиялық басқару есебі мен талдаудың ұйымдастырудың, стратегиялық басқару есебінің теориясы мен тәжірибесінде жаңа ғылыми бағыттардың қолдану қажеттілігін негізделген.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы алынған қорытындылар мен ұсыныстарды ұйымдар өзінің қызметінде кеңінен қолдана алады. Ұйымдармен қатар, жоғары оку орындарында «Есеп және аудит» мамандығының магистратура деңгейінде «Стратегиялық басқару есебі мен талдау» пәнін оқыту барысында пайдалануға болады.

Жалпы диссертациялық жұмыс тиісті деңгейде орындалған, жоғары тәжірибелік құндылығы бар, диссертацияда алынған нәтижелер зерттелетін саладағы жаңа ғылыми білім болып табылады.

Диссертация зерттеулерінің қорытындылары әр түрлі ғылыми басылымдарда шығарылған. Жалпы диссертация тақырыбы бойынша 8 мақала жарияланған, оның ішінде: 3 мақала КР БФМ БФССКК ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында. Сонымен қатар, Scopus базасына енетін “Journal of International studies” журналына «Competitiveness and Economic

Profit Analysis of Kazakhstan's Poultry Companies" тақырыбында мақаласы жарияланған.

Жунисова Гульнар Ерикқызының «Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру күралы ретінде» тақырыбында жазылған ғылыми диссертациялық жұмысын аяқталған және өздігінен орындалған және Қазақстан Республикасы БФМ-нің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай ғылыми жұмыс деп бағалаймын. 6D050800-«Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Жунисова Гульнар Ерикқызының диссертациялық жұмысын көпшілік алдында қорғауға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
Э.Ф.Д., асс.профессор



РАСТАЙМЫН:	Байдилембекова Амангельдық Кәдім
ПЕРСОНАЛАДЫРЫЛЫСТАУ БАСҚАРУ БӨЛМІНІН БАСТЫРЫ	
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КОЛЫ ПОДПИСЬ	КазНПУ имени Абая